Еңбек – ерді, ер елді танытар!

# Мысты өңір

АЙМАҚТЫҚ АПТАЛЫҚ
1988 ЖЫЛҒЫ
30 ШІЛДЕДЕН ШЫҒАДЫ

ЖҰМА,
2026 жылғы
7 тамыз

№ 28 (1924)

www.mysty-onir.kz

Президент тапсырмасы

**Мемлекет басшысының шикізатты терең өңдеу және қосылған құны жоғары өнім өндіру жөніндегі тапсырмасына сәйкес Балқаш қаласында жаңа мыс қорыту зауытының құрылысы басталады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі мен «Qazaq Smelter» ЖШС арасындағы инвестициялар туралы келісімді мақұлдады. Тиісті қаулыға Премьер-министр Олжас Бектенов қол қойды.**

# БАЛҚАШТА ЖАҢА МЫС ҚОРЫТУ ЗАУЫТЫ САЛЫНАДЫ




Жобаны жүзеге асыру үшін 750 миллиард теңге көлемінде жеке инвестиция тартылмақ. Құрылыс жұмыстары 2027 жылы басталып, кәсіпорынды 2030 жылы пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Жаңа зауыт жылына 300 мың тонна катодты мыс, 10 тонна алтын, 300 тонна күміс және 1,5 миллион тоннадан астам күкірт қышқылын өндіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар жоба аясында 1200-ге жуық тұрақты жұмыс орны ашылады. Кәсіпорын іске қосылған кезде қызметкерлердің 90 пайызы, оның ішінде басшылық құрам да қазақстандық мамандардан жасақталады. Алдағы бес жылда бұл көрсеткіш 95 пайызға дейін жеткізіледі. Бұған қоса инвестор Қарағанды облысының жоғары оқу орындарында 50 студентті кәсіби даярлауды өз міндетіне алады.

Жаңа өндірістік қуаттардың іске қосылуы еліміздегі мыс шикізатын өңдеу көлемін бір жарым есеге арттырып, жылына 800 мың тоннадан асыруға мүмкіндік береді. Ал қосылған құны жоғары өнім экспорты 460 мың тоннадан 760 мың тоннаға дейін өседі деп күтілуде. Зауытта заманауи технологиялар мен цифрлық шешімдер енгізілмек.

Айта кетейік, биылғы жылдың алғашқы алты айында өңдеу өнеркәсібінің өндіріс көлемі 9,8 пайызға өсті. Осы кезеңде Қазақстанда 232 мың тонна катодты мыс өндірілді. Катодты мыс электр кабельдері, құрылыс материалдары, автомобиль бөлшектері, сондай-ақ қола, жез және басқа да мыс қорытпаларын өндіруде кеңінен қолданылатын стратегиялық маңызы бар өнім саналады.

**«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС PR департаменті.**

Көкжиек

**Астанада «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС Металлургия жөніндегі бас операциялық директоры, «Kazakhmys Smelting» ЖШС-нің бас директоры Жәнібек Байғабелов Қазақстандағы Индонезия Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Мохамад Фаджрул Рахманмен кездесті.**



# ИНДОНЕЗИЯМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТПАҚ

Кездесу барысында тараптар тау-кен металлургиясы саласындағы әріптестікті дамыту, минералдық шикізатты терең өңдеу, заманауи технологияларды енгізу және қосылған құны жоғары өнім өндіру мәселелерін талқылады. Әсіресе Индонезияның минералдық шикізатты ел ішінде өңдеуге бағытталған Downstream Indonesia (Hilirisasi) мемлекеттік бағдарламасының тәжірибесіне ерекше қызығушылық танытылды. Сондай-ақ халықаралық инжинирингтік компаниялармен ынтымақтастық орнату, жаңа металлургиялық технологияларды пайдалану және білікті мамандар даярлау мәселелері сөз болды.

Кездесу қорытындысында тараптар кәсіби диалогты жалғастырып, салалық тәжірибе алмасуды кеңейтуге ниетті екендерін жеткізді. Бұл өз кезегінде мыс балқыту өнеркәсібін дамытуға және Қазақстан мен Индонезия арасындағы экономикалық байланыстарды нығайтуға серпін береді.

**«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС PR департаменті.**

Мезгіл мәселесі

# ҰЛЫТАУДЫҢ ЕРТЕҢІ БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ

**Ұлытау – тарихтың ғана емес, үміттің де өлкесі. Қазақ мемлекеттілігінің алтын діңгегі саналатын бұл аймаққа бүгінде елдің назары ерекше ауып отыр. Оның себебі де түсінікті. Тарихи мәртебесі жоғары өңірдің әлеуеті енді нақты экономикалық жобалармен, жаңа өндірістермен және әлеуметтік бастамалармен толыға бастады. Мемлекет тарапынан қолға алынған кешенді шаралар Ұлытаудың жаңа даму дәуіріне қадам басқанын аңғартады.**

Соңғы апталарда өңірге қатысты қабылданған маңызды шешімдер осының айқын дәлелі болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытау облысының әкімі Есет Байкенді қабылдап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық ахуалы мен алдағы даму жоспарын талқылады. Іле-шала Үкіметте Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен кеңесте облысты кешенді дамыту мәселелері кеңінен қаралды. Бұл – Ұлытаудың мемлекет назарындағы стратегиялық өңір екенін тағы бір мәрте дәлелдеген маңызды оқиға.

## ӨҢІРДІҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН НАҚТЫ ҚАДАМДАР

Бүгінде сөз жоспар жайында ғана емес, нақты іске асып жатқан жобалар туралы болып отыр. Үкімет қараған басым бағыттардың қатарында инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту, әлеуметтік нысандар салу, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту және Жезқазған қаласының бас жоспарын жүзеге асыру мәселелері бар.

Облыс орталығында Конгресс-орталық, жаңа университет, инклюзивті спорт кешені және әлеуметтік қызмет көрсету орталығының құрылысы қарқын алған. Бұл нысандар Жезқазғанның сәулеттік келбетін өзгертіп қана қоймай, оның ғылыми, мәдени және әлеуметтік әлеуетін арттыруға қызмет етеді.

Әсіресе жаңа университеттің ашылуы өңірдің болашағы үшін айрықша маңызды. Өйткені бұл жергілікті жастардың сапалы білім алып, туған өлкеде сұранысқа ие мамандықтарды меңгеруіне мүмкіндік береді.

► 2

**23 тамызда өтетін Құрылтай депутаттарының сайлауы жақындаған сайын елдегі саяси өмір қыза түсті. Сайлауалды үгіт-насихат кезеңіне қадам басқан партиялар өңірлерді аралап, сайлаушылармен кездесулер өткізіп, өз бағдарламалары мен бастамаларын таныстыруда. Биылғы науқанның ерекшелігі – дәстүрлі форматтан гөрі ашық диалогқа, цифрлық коммуникацияға және қоғамдық пікірталасқа басымдық берілуі. Әлеуметтік желілердегі белсенділік, интерактивті кездесулер, жаңа үгіт тәсілдері мен партиялар арасындағы ашық бағдарламалық пікірталастар қазіргі саяси науқанның мазмұнын айқындап отыр. Бұл үрдіс саяси күштердің тек өз ұстанымдарын таныстырумен шектелмей, сайлаушылар сенімі үшін жаңа форматтағы бәсекеге көшкенін көрсетеді.**

# САЙЛАУАЛДЫ НАУҚАННЫҢ ЖАҢА СИПАТЫ




Қазақстандағы сайлауалды үгіт-насихат науқаны алғашқы күндерден-ақ жаңа саяси коммуникацияның қалыптасып келе жатқанын аңғартты. Егер бұрын сайлауалды кезең негізінен ресми кездесулер, бағдарламаларды таныстыру және дәстүрлі үгітпен шектелсе, биыл партиялар әлеуметтік желілерді, ашық алаңдарды, интерактивті форматтарды және тікелей пікірталастарды белсенді пайдалана бастады.

Науқанның алғашқы аптасының қорытындысы көрсеткендей, саяси ұйымдар енді өз бағдарламаларын таныстырумен ғана шектелмей, сайлаушылардың назарын аудару үшін түрлі коммуникациялық тәсілдерді қолдануға көшті. Бұл сайлауалды бәсекенің жаңа кезеңге өткенін білдіреді.

## ӘР ПАРТИЯҒА – ӨЗ АУДИТОРИЯСЫ

Үгіт жұмыстарының мазмұны әр партияның саяси бағыты мен негізгі электоратына сәйкес қалыптасып келеді.

«Әділет» партиясы өңірлердегі кездесулерді мәдени-көпшілік шаралармен ұштастыруды таңдады. Түркістан қаласында өткен кездесулерден кейін ұйымдастырылған концерттік бағдарлама мен дроншоу жастар аудиториясын тартуға бағытталған жаңа формат ретінде бағалануда. Мұндай мәдени-көпшілік шара аптаның басында Ұлытау облысында да өтті. Жезқазған қаласында болған концерттік бағдарламаға жұртшылық өңірдің әр аймағынан арнайы келіп тамашалады. Сонымен қатар спорт пен бұқаралық дене шынықтыру мәселелері де күн тәртібіне шығарылды.

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы (ЖСДП) сараптамалық пікірталас форматына басымдық беріп, бәсекелес партиялардың бағдарламаларына ашық сын айтты. Будан бөлек, республикалық деңгейде ұйымдастырылған скандинавиялық жүріс акциясы партияның әлеуметтік белсенділік пен бұқаралық іс-шараларды қатар алып жүруге ұмтылысын көрсетті.

«Байтақ» жасылдар партиясы өз қызметін экологиялық мәселелер төңірегінде жалғастырып келеді. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту, биоалуантүрлілікті сақтау және экологиялық заңнаманы жетілдіруге арналған бастамалар партияның тұрақты саяси бағытын айқындай түсті.

Қазақстан Халық партиясы еңбек ұжымдарымен кездесулер барысында әлеуметтік саясат мәселелеріне басымдық беріп, азық-түлік бағасын мемлекеттік реттеу мәселесі бойынша өз ұстанымын білдірді. Сонымен қатар өзге партиялардың әлеуметтік бастамаларына қатысты пікірлерін жария түрде жеткізді.

«Ауыл» партиясы өңірлердегі дәстүрлі кездесулерді ұлттық құндылықтармен ұштастырып, брендтелген киіз үйлер арқылы халықпен тікелей байланысты күшейтуге назар аударды. Сонымен бірге әлеуметтік желілердегі тікелей эфирлер арқылы азаматтардың сұрақтарына жауап беріп, өзге партиялардың кадрлық саясатына қатысты пікірталасқа қатысты.

## АШЫҚ ПІКІРТАЛАС – САЯСИ БӘСЕКЕНІҢ КӨРІНІСІ

Науқан барысында ерекше назар аудартқан оқиғалардың бірі – «Ақ жол» мен Respublica партиялары арасындағы бағдарламалық пікірталас болды.

«Ақ жол» партиясы Respublica бағдарламасының жекелеген тұстары мен партия өкілдерінің қоғамдық қызметі арасындағы сәйкестік мәселесін көтерсе, Respublica өз кезегінде «Ақ жолдың» өнеркәсіптік саясатқа қатысты ұсыныстарына сын айтып, экономиканы дамыту жөніндегі балама көзқарасын ұсынды.

Сарапшылардың пікірінше, мұндай ашық пікірталастар сайлауалды науқанның мазмұнын байытып, сайлаушылардың партиялардың ұстанымдарын жан-жақты салыстыруына мүмкіндік береді. Сонымен бірге бағдарламалардың нақты мазмұнына, оларды іске асыру тетіктеріне және саяси жауапкершілікке деген қоғамдық сұранысты күшейтеді.

## ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІК БАСТЫ АЛАҢҒА АЙНАЛДЫ

Биылғы науқанның тағы бір ерекшелігі – әлеуметтік желілердің негізгі коммуникациялық құралдардың біріне айналуы. Партиялар қысқа бейнероликтер, тікелей эфирлер, интерактивті кездесулер және цифрлық контент арқылы әртүрлі аудиториямен байланыс орнатуға күш салуда.

Бұл үрдісе әсіресе жастардың саяси белсенділігін арттыруға бағытталғанымен, саяси коммуникацияның жеделдігі мен ашықтығын да күшейтіп отыр. Сонымен бірге әлеуметтік желілер партиялар арасындағы пікірталастың негізгі алаңына айналып келеді.

## САЙЛАУ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Қазіргі сайлауалды науқан партиялардың тек бағдарламалық ұстанымдарын ғана емес, олардың қоғаммен қарым-қатынас орнату тәсілдерін де көрсетіп отыр. Ашық пікірталастардың көбеюі, дәстүрлі емес үгіт форматтарының қолданылуы және цифрлық коммуникацияның кеңеюі саяси бәсекенің жаңа деңгейге көтерілгенін аңғартады.

Сонымен бірге мұндай жағдайда партиялар үшін тек жарқын ақпараттық науқан өткізу жеткіліксіз. Сайлаушылар нақты ұсыныстардың өміршеңдігіне, олардың жүзеге асу тетіктеріне және қоғамдық мәселелерді шешудегі тиімділігіне көбірек мән береді.

Осылайша, үгіт-насихат кезеңінің алғашқы аяқалыстары қазіргі сайлауалды науқанның бұрынғы тәжірибеден өзгеше сипат алып, мазмұндық бәсекеге, цифрлық коммуникацияға және ашық саяси пікірталасқа негізделе бастағанын көрсетті. Алдағы кезеңде партиялардың негізгі сынағы – қоғамдық сенімді нақты бағдарламаларымен, дәйекті ұстанымымен және тиімді коммуникациясымен нығайта білу.

Мезгіл мәселесі

# ҰЛЫТАУДЫҢ ЕРТЕҢІ БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ

*(Соңы. Басы 1-бете).*

Ал Конгресс-орталық Жезқазғанды іскерлік кездесулер мен ғылыми форумдардың жаңа алаңына айналдыруға жол ашады.

## ИНВЕСТИЦИЯ – ДАМУДЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

Алдағы төрт жылға жоспарланған 58 инвестициялық жоба Ұлытау облысының даму қарқынын жаңа деңгейге көтеруді көздейді. Оның ішінде инженерлік желілерді жаңарту, тұрғын үй құрылысын дамыту, жол-көлік инфрақұрылымын жетілдіру және әлеуметтік нысандар салу қарастырылған.

Инвестицияның басты нәтижесі – жаңа жұмыс орындарының ашылуы, өндіріс көлемінің ұлғаюы және кәсіпкерліктің дамуына қолайлы жағдай қалыптастыру. Сондықтан бұл жобалар тек құрылыс жұмыстарымен шектелмей, өңір экономикасының ұзақ мерзімді өсіміне негіз қалайды.

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев жауапты мемлекеттік органдарға барлық жобаларды белгіленген мерзімде әрі сапалы іске асыруды, қаржыландыруды жеделдетуді және тұрақты бақылауды қамтамасыз етуді тапсырды. Бұл – жоспардың қағаз жүзінде қалмай, нақты нәтижеге ұласуына бағытталған талап.

## ҰЛЫТАУДЫҢ МҮМКІНДІГІ – ЕЛДІҢ МҮМКІНДІГІ

Ұлытау – табиғи байлығы мол, өндірістік әлеуеті жоғары өңір. Алайда бүгінгі мақсат тек кен өндірумен шектелмейді. Мемлекет өңірдің экономикалық құрылымын әртараптандыруды, туризмді, өңдеу өнеркәсібін және шағын бизнесті дамытуды көздеп отыр. Мұндай бағыт Ұлытаудың бәсекеге қабілетті өңір ретінде қалыптасуына негіз болады.

Ең бастысы – қолға алынған бастамалардың игілігін халық көруі тиіс. Сапалы инфрақұрылым, жаңа әлеуметтік нысандар, тұрақты жұмыс орындары мен заманауи білім беру мүмкіндігі тұрғындардың тұрмыс деңгейін көтеруге қызмет етеді.

**Беттің материалдарын дайындаған Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.**

Жұмыс сапары

# АЙМАҚ БАСШЫСЫ ӨҢІРЛЕРДІ АРАЛАДЫ

## ●ЖЕЗҚАЗҒАН қаласы

**Ұлытау облысының әкімі Есет Байкен жұмыс сапарымен Жезқазған қаласының бірқатар әлеуметтік, білім беру және коммуналдық инфрақұрылым нысандарының жағдайымен танысты.**

Өңір басшысы мектептерді, қоғамдық кеңістіктерді, тұрғын үй алаптарын, инженерлік желілерді, теміржол вокзалын және Жезқазған жылу-электр орталығында салынып жатқан бу-газ қондырғысы құрылысын аралады.

Қазіргі таңда қалада 13 көшеге асфальт төсеу жұмыстары жүргізілуде. Облыс құрылғаннан бері Жезқазғанда 85 шақырым жылу және 197 шақырым су құбыры желілері жаңғыртылған. Сонымен қатар 4 мектеп пен 2 колледжде күрделі жөндеу жұмыстары жалғасуда.

Аралау барысында №13 мектептегі жөндеу жұмыстарының мерзімінде аяқталуына қатысты мәселе анықталды. Облыс әкімі жауапты тұлғаларға жұмыстарды сапалы әрі уақытылы аяқтауды, барлық нысандардың жағдайын тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

## ●СӘТБАЕВ қаласы

**Ұлытау облысының әкімі Есет Байкен жұмыс сапарымен Сәтбаев қаласына барып, әлеуметтік, өндірістік және инженерлік инфрақұрылым нысандарының жағдайымен танысты.**

Өңір басшысы қаланың бас жоспары, жолдарды жөндеу, жылу жүйесін жаңғырту және газдандыру жобаларының іске асырылу барысын қарады. Сонымен қатар білім беру, денсаулық сақтау және спорт нысандарын аралап, тұрғындармен кездесті.

Сапар барысында тозған инженерлік желілерді жаңарту, газ тарату жүйесін дамыту және келесі жылы 20 көшені жөндеу мәселелері талқыланды. Сондай-ақ тұрғын үйлердің қасбеттерін жаңғырту жұмыстарының сапасына назар аударылды.

Есет Байкен жаңартылатын энергетика, индустриялық даму және спорт инфрақұрылымы бағытындағы жобалардың орындалу барысын тексеріп, жауапты тұлғаларға белгіленген міндеттерді сапалы әрі уақтылы жүзеге асыруды тапсырды.

## ●ҰЛЫТАУ ауданы

**Ұлытау облысының әкімі Есет Байкен жұмыс сапарымен Ұлытау ауданына барып, Жезді және Қарсақбай кенттері мен Байқоңыр ауылдарындағы әлеуметтік, өндірістік және инфрақұрылымдық нысандардың жұмысын тексерді.**

Өңір басшысы сапар барысында білім беру, денсаулық сақтау және спорт нысандарын аралап, Қарсақбай металлургия зауыты мен гидротехникалық учаскенің жұмысымен танысты. Сондай-ақ академик Қаныш Сәтбаевтың музей-үйіне барып, жергілікті тұрғындармен кездесті.

Есет Байкен Жезді – Қоскөл автожолындағы жөндеу жұмыстарының барысын қарап, Байқоңыр ауылындағы мектеп пен фельдшерлік-акушерлік пункттің жағдайына назар аударды. Ауылда балалар мен жастар санының артуына байланысты мектепті жаңғырту қажеттігі айтылды. Сонымен қатар Қарсақбай – Байқоңыр жолының 51 шақырымдық бөлігін жөндеу жұмыстары жалғасып жатқаны белгілі болды. Жобаны биыл аяқтау жоспарланған.

Сапар қорытындысында облыс әкімі жауапты органдарға анықталған мәселелерді кезең-кезеңімен шешіп, әлеуметтік нысандардың сапалы жұмысын қамтамасыз етуді тапсырды.

**Досан ДУЛЫҒАЛЫ.**

Бұланты шайқасының 300 жылдығы қарсаңында



**Келер жылы қазақ халқының азаттық күресіндегі ең даңқты тарихи белестердің бірі – Бұланты-Білеуті шайқасына 300 жыл толады. 1727 жылы қазақ жасақтарының жоңғар басқыншыларына күйрете соққы берген осы ұлы жеңісі ел тағдырын айқындаған шешуші оқиғалардың қатарына жатады. Бұлантыдағы жеңіс – тек әскери табыс емес, қазақ халқының бірлікке ұйысқанын, азаттық жолындағы жігері мен рухының сынбағанын дәлелдеген тарихи кезең. Сондықтан мерейтой қарсаңында сол шайқаста ерлік көрсеткен баһадүрлердің өмір жолын жаңғырту – бүгінгі ұрпақтың азаматтық парызы.**

# БАЛАПАН БАТЫР – ҰЛЫТАУ ДАЛАСЫНЫҢ ҰМЫТЫЛМАС ҚАҺАРМАНЫ

Ұлытау – ұлт тарихының алтын бесігі. Бұл қасиетті өлке ғасырлар бойы ел тағдырын шешкен оқиғалардың куәсі болып, талай ханның ордасы, талай батырдың ат тұяғы тиген мекенге айналды. Кең сахараның төсінде еркін көшіп-қонған қазақ жұрты үшін туған жердің әр төбесі мен әр қыраты қасиетті ұғым саналды. Сол қасиетті мекенді сыртқы жаудан қорғау жолында Ұлытау өңірінен де талай ерлер шықты. Солардың бірі – Кішітау жерінің перзенті, Құлтоба немересі Баймембетұлы Балапан батыр.

XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басындағы жоңғар шапқыншылығы қазақ халқының тарихындағы ең ауыр кезеңдердің бірі болды. Ел басына күн туған шақта қарапайым халықпен бірге ел ішінен шыққан батырлар қолына қару алып, азаттық үшін атқа қонды. Ел аузында сақталған тарихи деректер Балапан батырдың осындай сын сағатта туған жерін қорғаған ерлердің алдыңғы қатарында болғанын көрсетеді.

Шамамен 1695 жылы дүниеге келген Балапан Баймембетұлының жастық шағы жаугершілік заманмен тұспа-тұс келді. Ауызша тарихи мәліметтерге қарағанда, ол Ұлытаудың белгілі батыры Құттымбетпен қатарлас болып, жорықтарға бірге қатысқан. Бұл деректер оның XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде ел қорғаны болған азаматтардың қатарында жүргенін аңғартады.

Халық жадында Балапан батыр ірі денелі, қайсар мінезді, жауға тайсалмай қарсы шығатын ержүрек сардар ретінде сақталған. Сонымен бірге дуалы ауыз, ел бірлігін ойлаған, жұртты соңынан ерте білген беделді тұлға болғаны айтылады. Мұндай қасиеттер сол дәуірдегі батырларға ғана тән емес, ел басқарған қайраткерлерге де ортақ сипат еді.

Тарихи аңыздар мен шежірелік деректер Балапан батырдың Кішітау өңіріне төнген жоңғар жасақтарына қарсы шайқастарда ерекше ерлік көрсеткенін баяндайды. Ел ішінде оның Бұланты шайқасына Ұлытау өңірінің басқа да даңқты батырларымен бірге қатысып, қазақ қолының жеңісіне үлес қосқаны жөніндегі деректер ұрпақтан-ұрпаққа жетіп келеді. Бұл мәліметтер ғылыми тұрғыдан әлі де терең зерттеуді қажет еткенімен, өңірлік тарихи жадының маңызды бөлігі болып табылады.

Батырдың азаматтық болмысын танытатын тағылымды әңгімелердің бірі ел арасында бүгінге дейін сақталған. Жасы ұлғайған шағында Балапан батыр: «Батыр, батыр дегенге қалмақты көп қырған екенмін. Көп қан төккен екенмін. Енді соның кесірі ұрпағыма тимесе екен, ұрпағым аз болады-ау...» деп толғаныпты. Бұл сөздер батырдың тек қайсар жауынгер ғана емес, соғыстың қасіретін жүрегімен сезінген, адам өмірінің қадірін түсінген, ұрпағының болашағына алаңдаған кемел тұлға болғанын аңғартады.

Бүгінде Бадана әулетінен тараған ұрпақтары батыр рухына тағзым ретінде оның тұлпарының ізі қалған Кішітау өңірінде белгітас орнатқан. Бұл – өткенге тағзым ғана емес, тарихи жадымызды жаңғыртып, елдік сананы нығайтатын игілікті іс. Мұндай бастамалар туған өлкенің тарихын тереңірек тануға, жергілікті батырлардың есімін ғылыми айналымға енгізуге де жол ашады.

Тарих – халықтың рухани тұғыры. Сондықтан Бұланты шайқасының 300 жылдығы қарсаңында Ұлытау өңірінен шыққан батырлардың өмірі мен ерлігін кеңінен насихаттау – уақыт талабы. Балапан Баймембетұлының есімі де сол даңқты тұлғалардың қатарында лайықты орын алуға тиіс. Оның ерлігі – туған жерге адалдықтың, елдік пен бірліктің жарқын үлгісі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Тарихын таныған халықтың тамыры терең, болашағы берік болады» деген болатын. Ендеше, Балапан батырдай баһадүрлердің есімін ұлықтау – өткенге құрмет қана емес, жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік рух дарытудың маңызды жолы. Батырлар рухы – Мәңгілік Елдің рухы. Сол рух ұрпақ санасында жаңғырып тұрғанда, елдің еңсесі де биік болмақ.

**Нұрлан ИСМАЙЫЛОВ.**

ДЕНСАУЛЫҚ




**«Қазақмыс» Тобы жұмыскерлерінің әлеуметтік жағдайын жақсарту және денсаулығын сақтауға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыруды жалғастыруда. 2026 жылы компания шипажайлық-курорттық емделу шығындарын өтеуге 407,8 млн теңге қарастырып отыр.**

# 400 млн теңгеден астам ҚАРЖЫ БӨЛЕДІ

Аталған қаржы «Қазақмыс» Тобы кәсіпорындарында еңбек ететін 3 490 жұмыскердің шипажайда ем алуына мүмкіндік береді. Жыл басынан бері бұл қолдауды 970 қызметкер пайдаланып, жалпы көлемі 92,6 млн теңге болатын өтемақы алды.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – жұмыскерлердің денсаулығын нығайту, түрлі аурулардың алдын алу және өндірістік еңбек жағдайынан кейін ағзаны қалпына келтіруге жағдай жасау.

Компанияның әрбір жұмыскері бұл мүмкіндікті жылына бір рет пайдалана алады. Қызметкер Қазақстан аумағындағы шипажайды өз қалауынша таңдап, емдеу курсынан өткеннен кейін қажетті құжаттарды ұсыну арқылы жұмсалған шығынның бір бөлігін өтете алады.

Бағдарламаның қолжетімділігін арттыру мақсатында өтемақы беру талаптары да жетілдірілген. Қазіргі таңда жұмыс беруші тарапынан төленетін ең жоғары сома 20 айлық есептік көрсеткішті құрайды. Сонымен бірге шипажайлық-курорттық емдеу құнының 50 пайызына дейінгі бөлігі өтеледі.

Кәсіподақ мүшелері үшін қосымша қолдау қарастырылған. Олар кәсіподақ ұйымдарының қаражаты есебінен қосымша өтемақы ала алады. Кей жағдайда төленетін жалпы сома 40 айлық есептік көрсеткішке дейін жетеді.

2022 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан бұл әлеуметтік жоба жұмыскерлер арасында үлкен сұранысқа ие. Осы уақыт ішінде 11 734 қызметкер шипажайлық-курорттық емделу шығынының өтемақысын алып, бағдарлама аясында 975,5 млн теңге қаржы төленді.

Жұмыскерлердің денсаулығын сақтау мен әлеуметтік қолдауды күшейту – «Қазақмыс» Тобының әлеуметтік саясатының негізгі бағыттарының бірі. 2026 жылы компанияның әлеуметтік бағдарламаларын іске асыруға 11,8 млрд теңге қарастырылған. Бұл қаражат еңбеккерлердің денсаулығын қорғауға, әлеуметтік қолдау көрсетуге және еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталмақ.

**«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС PR департаменті.**







САҚТАНДЫРУ

# МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІ ЖАЛҒАСАДЫ

**«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС және «Қазақмыс» Тобына кіретін кәсіпорындардың жұмыскерлері мен олардың отбасы мүшелеріне арналған ерікті медициналық сақтандыру бағдарламасы бұрынғы тәртіппен жалғасын табады.**

2026 жылы 1 тамыздан бастап медициналық сақтандыру қызметін көрсету жүйесінде өзгерістер болғанымен, жұмыскерлер үшін медициналық көмек алу тәртібі сақталады. Бұған дейін «Архимедес» және «Өркендеу» атауларымен жұмыс істеген медициналық ұйымдар енді «Жезқазған медициналық орталығы» ЖШС құрамында қызмет көрсетеді. Жезқазған, Сәтбаев және Балқаш қалаларындағы медициналық кабинеттер өз жұмысын бұрынғы мекенжайларда, сол дәрігерлер құрамымен жалғастырады.

Ерікті медициналық сақтандыру бағдарламасы бүгінде 34 500 жұмыскерді және олардың 75 500-ден астам отбасы мүшесін қамтиды. Бағдарламаға қатысып келген барлық азаматтар медициналық қызметтерді автоматты түрде бұрынғыдай пайдалана алады. Қайта құжат рәсімдеу немесе қайта тіркелу қажет емес.

1 тамыздан бастап сақтандыру қызметін «Халық» сақтандыру компаниясы көрсетеді. Ал медициналық көмекті ұйымдастыру, сақтандырылған тұлғаларды сүйемелдеу және қажетті кеңес беру жұмыстарын «Ассистанс компания «Меди-Сервис» ЖШС жүзеге асырады.

Жұмыскерлер медициналық көмек алу, дәрігер қабылдауына жазылу немесе қызмет көрсету тәртібі бойынша тәулік бойы жұмыс істейтін Call-орталыққа хабарласа алады: **2250** – ұялы телефоннан қоңырау шалу тегін;

**8 771 506 10 06; 8 771 506 10 66.**

Call-орталыққа хабарласқан кезде азамат өзінің тегін, атын, әкесінің атын, ЖСН-ін және қажетті медициналық көмек түрін хабарлауы қажет. Мамандар дәрігер қабылдауына жазылуға көмектесіп, медициналық ұйымдардың мекенжайлары мен қызмет алу тәртібі туралы толық ақпарат береді.

Сақтандыру жүйесіндегі бұл өзгерістер медициналық қызмет сапасын арттыру және оны ұйымдастыру тиімділігін жетілдіру мақсатында жүзеге асырылуда. Бұл ретте жұмыскерлер мен олардың отбасы мүшелері үшін қалыптасқан медициналық көмек алу тәртібі өзгермейді: бұрынғы дәрігерлер, қабылдау кабинеттері және медициналық қызмет көрсету жүйесі сақталады.

Қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің денсаулығын қорғау – «Қазақмыс» Тобының әлеуметтік саясатының негізгі бағыттарының бірі. Компания медициналық қолдау бағдарламаларын дамыту арқылы еңбек ұжымының әл-ауқатын арттыруға және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстарын жалғастыра береді.

**«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС PR департаменті.**

# ТАУ-КЕН ЖАБДЫҒЫНЫҢ СЕНІМДІЛІГІН АРТТЫРУҒА 6,7 млрд теңге бағыттады



**KAZAKHMYS «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС өндірістік жабдықтардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету және тау-кен шахта техникасының сенімділігін арттыру бағытындағы кешенді бағдарламаны жүзеге асыруда. Осы мақсатта компания ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге, негізгі тораптарды қалпына келтіруге және қосалқы бөлшектер қорын толықтыруға 6,7 млрд теңге қаражат бөлді.**

Бағдарлама өндірістік үдерістердің үздіксіздігін қамтамасыз етуге, техниканың техникалық дайындығын арттыруға және кәсіпорындардың тұрақты жұмыс істеуіне бағытталған. Бөлінген қаражаттың 1,463 млрд теңгесі ағымдағы жөндеу жұмыстарына, ал 5,313 млрд теңгесі өздігінен жүретін тау-кен шахта жабдығының негізгі тораптарын күрделі жөндеуге және қалпына келтіруге жұмсалады.

Қаржыландырудың негізгі бөлігі Жезқазған өңіріндегі кәсіпорындарға бағытталған. Атап айтқанда, жалпы қаражат көлемінің 77 пайызына тең 5,2 млрд теңге осы өңірдегі өндірістік нысандардың техникасын жаңартуға қарастырылған. Балқаш өңіріне – 835 млн теңге, Қарағанды өңіріне – 725 млн теңге бөлінді. Қаражат көлемі өндірістік жүктеме, техника саны және жөндеу жұмыстарына қажеттілік деңгейі ескеріліп белгіленген.

Бағдарлама аясында тау-кен шахта жабдығының 216 торабын қалпына келтіру жоспарланған. Қазіргі таңда 28 торап толық жөндеуден өтіп, 15 торап жаңа жабдықпен ауыстырылды. Сонымен қатар 80 торап бойынша тапсырыс беріліп, 124 торапқа қатысты жұмыстар қолданыстағы келісімшарттарды кеңейту арқылы жүргізілуде.

Жөндеу жұмыстарының ауқымы кезең-кезеңімен артып келеді. Бүгінде бөлінген қаражаттың 1,216 млрд теңгесі игерілген. Тағы 4,797 млрд теңге жөндеу жұмыстарын орындауға бағытталған. Қалған қаражат жыл соңына дейін техниканы қалпына келтіру, қосалқы бөлшектер қорын толықтыру және жөндеу бөлімшелерін қажетті материалдармен қамтамасыз етуге жұмсалады.

2026 жылдың алғашқы жартыжылдығы қорытындысы бойынша «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-ның тау-кен шахта техникасы паркі 747 бірлікті құрайды. Жабдықтардың техникалық дайындық коэффициенті 0,84 деңгейінде сақталып отыр. Бұл көрсеткіш жоспарлы деңгейге сәйкес келеді және өндірістік міндеттерді орындауға қажетті техниканың дайындығын қамтамасыз етеді.

Тау-кен жабдықтарының сенімділігін арттыру – «Қазақмыс» компаниясының өндірістік активтерді жаңғырту бағдарламасындағы маңызды бағыттардың бірі. Компания жөндеу инфрақұрылымын дамыту, техникалық ресурстарды тиімді пайдалану және өндірістегі қауіпсіздік деңгейін арттыру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыруда.

**«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС PR департаменті.**

---

KAZAKHMYS

# ЖЕРАСТЫ ТЕХНИКАЛАРЫ ЖАҢҒЫРТЫЛУДА



**«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС өндірістік жабдықтардың сенімділігін арттыру бағдарламасы аясында жерасты техникасы паркін кезең-кезеңімен жаңартуды жалғастыруда. Соның нәтижесінде АП-30 (МАЗ) маркалы жерасты автобусына күрделі жөндеу жүргізіліп, техника қайтадан өндірістік пайдалануға берілді.**

Жаңартылған автобус Оңтүстік Жезқазған кенішінде жұмысшыларды жерасты өндіріс орындарына тасымалдауға қызмет етеді. Арнайы техника бұған дейін жеті жылдан астам уақыт пайдаланылып, шамамен 19 мың мотосағат жұмыс істеген.

Күрделі жөндеу барысында мамандар автобустың негізгі тораптары мен агрегаттарын толық қалпына келтірді. Атап айтқанда, жүргізуші кабинасы ауыстырылып, көтергіш рама мен жолаушылар модулі жөнделді, трансмиссиясы қалпына келтірілді. Сонымен қатар тежегіш, пневматикалық және электр жүйелері тексеріліп, жарықтандыру, әйнектер және ішкі жабдықтары жаңартылды.

Жүргізілген жұмыстар техниканың пайдалану мүмкіндігін жақсартып, сенімділігін арттыруға әрі қызмет ету мерзімін ұзартуға мүмкіндік берді. Жаңартылған автобус кеніш қызметкерлерін жұмыс орындарына қауіпсіз және үздіксіз жеткізуді қамтамасыз етеді.

«Қазақмыс» компаниясында арнайы техниканы жаңарту мен қалпына келтіру жұмыстары өндірістік үдерістің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған басым міндеттердің бірі болып қала береді.

**«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС PR департаменті.**

## ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС келесі жобалар үшін ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулардың өткізілетінін хабарлайды: **«2027-2028 жылдарға арналған «Q. I. Satbaev atyndagy Jezqazgan Tau-Ken ondirisi» – «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС филиалы Жезқазған кен орнындағы тотыққан кен қорларын ашық әдіспен өндіру кезіндегі атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылар нормативтері (РЕШН) мен 2027-2028 жылдарға арналған «Q. I. Satbaev atyndagy Jezqazgan Tau-Ken ondirisi» – «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС филиалы Жезқазған кен орнындағы тотыққан кен қорларын ашық әдіспен өндіру кезіндегі I санаттағы нысандарға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), 2027-2028 жылдарға арналған өндірісті экологиялық бақылау бағдарламалары», 2027-2028 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспары.**

Әсер ету аумағы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, өнеркәсіптік аймақ.

Қоғамдық тыңдаулар **2026 жылдың 10 қыркүйек күні сағат 10:00-де** Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, «Сәтбаев қаласы әкімінің аппараты» ММ ғимараты, академик Қаныш Сәтбаев даңғылы, 108 мекен-жайы бойынша өткізілетінін хабарлайды.

Онлайн видеоконференц-байланысқа сілтеме: **https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys/j.php?MTID=m949772005c2f84414fae5bef4a156450**

**Жиналыс нөмірі (кіру коды):** 2513 620 1897

**Жиналыс құпия сөзі:** 5555

**Учаскенің географиялық координаттары:**

| № | Солтүстік ендік | Шығыс бойлық |
|---|---|---|
| 1 | 47º51'42,9" | 67º27'50,0" |

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656. Өкілі: Бесбаева М.М., «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС GR менеджері, тел.**8(7172)557665** (ішкі нөмер 10894), эл.мекен-жайы: **Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz**

Әзірлеуші: «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН 050140000656. Өкілі: Сүлейменова А.Б., байланыс телефоны: **8 (7172)55 76 72** (ішкі нөмірі 10557), эл.мекен-жайы: **Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz**.

Жоба материалдары келесі сайттарда орналастырылған: **https://ndbecology.gov.kz** және **https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr.**

Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей **https://ndbecology.gov.kz** сілтемесі бойынша, эл. мекен-жайы **ulytau.obl_priroda@mail.ru** және Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер көшесі 15, «Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ пошталық мекенжайы бойынша қабылданады.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ белгіленген қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін **Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz** эл.мекен-жайы бойынша және тел. нөм.: **8 (7172)55 76 72** (ішкі нөмірі 10557) арқылы сұратуға болады.

Тіркеу қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 15 минут бұрын жеке куәлік ұсынылған кезде жүргізіледі.

## ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ!

ТОО «Корпорация «Казахмыс» уведомляет о проведении общественных слушаний в формате открытого собрания по рассмотрению следующих проектов**: Проект нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу (НДВ) отработка запасов окисленных руд открытым способом Жезказганского месторождения филиала ТОО «Корпорация «Казахмыс» – «Q. I. Satbaev atyndagy Jezqazgan Tau-ken ondirisi» на 2027-2028 годы и программа управления отходами для объектов I категории (ПУО) отработка запасов окисленных руд открытым способом Жезказганского месторождения филиала ТОО «Корпорация «Казахмыс» – «Q. I. Satbaev atyndagy Jezqazgan Tau-ken ondirisi» на 2027-2028 годы, программа производственного экологического контроля на 2027-2028 годы, план мероприятий по охране окружающей среды на 2027-2028 годы.**

Территория воздействия: область Ұлытау, город Сатпаев, промзона.

Общественные слушания будут проведены в **10:00 часов 10 сентября 2026 года** по адресу: область Ұлытау, город Сатпаев, здание ГУ «Аппарат акима г.Сатпаев», проспект академика Қаныша Сәтпаева, 108.

Ссылка на онлайн видеоконференц-связь: **https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys/j.php?MTID=m949772005c2f84414fae5bef4a156450**

**Номер совещания (код доступа):** 2513 620 1897

**Пароль совещания:** 5555

**Географические координаты участка:**

| № | Северная широта | Восточная долгота |
|---|---|---|
| 1 | 47º51'42,9" | 67º27'50,0" |

Инициатор: ТОО «Корпорация «Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Бесбаева М.М., менеджер GR ТОО «Корпорация «Казахмыс», контакты: тел. **8 (7172) 557665** (вн.10894), эл.адрес: **Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz**

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация «Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Сулейменова А.Б., контакты: тел. **8 (7172) 557672** (вн.10557), эл.адрес: **Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.**

Материалы проекта размещены на сайте: **https://ndbecology.gov.kz** и **https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr.**

Замечания и предложения по проекту принимаются по ссылке **https://ndbecology.gov.kz**, на электронный адрес: **ulytau.obl_priroda@mail.ru** и почтовый адрес:. область Ұлытау, г. Жезказган, ул.Гарышкерлер 15, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Ұлытау» в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл.адресу **Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz** и по номеру телефона **8 (7172)55 76 72 (вн.10557).**

Регистрация производится за 15 минут до проведения общественных слушаний при предоставлении удостоверения личности.

ТЖБ ЕСКЕРТЕДІ

# ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ МАҢЫЗДЫ

**Жезқазған қаласының аумағында өрт қаупіті кезеңге байланысты өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау мәселесіне ерекше назар аударылуда. 2026 жылғы 1 сәуірден 1 қарашаға дейінгі аралықта қала аумағында өрт сөндіру қызметтері қоқыс пен құрғақ шөптің жануына байланысты 200-ден астам рет шығу жұмыстарын жүргізген.**

Өрт статистикасы көрсеткендей, мұндай жағдайлардың негізгі себептері – өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамау және оттпен абайсыз жұмыс істеу. Әсіресе көктемгі және жазғы кезеңде аулаларды, саяжай аумақтарын тазалау кезінде құрғақ шөп пен тұрмыстық қалдықтарды бақылаусыз жағу үлкен қауіп тудырады.

Жезқазған қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы қоқысты жағу кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауды ескертеді. Қоқыс тек желсіз ауа райында, металл бөшкелерде немесе арнайы металл ыдыстарда жағылуы тиіс.

**ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС:**

- қоқыс ғимараттардан, құрылыстардан және жанғыш материалдардан кемінде 50 метр қашықтықта жағылуы қажет;
- өрт сөндіру құралдары (су, өрт сөндіргіш және басқа да құралдар) дайын болуы тиіс;
- қоқыс жағылатын аумақ құрғақ шөп пен жапырақтардан тазартылуы керек;
- жағу жұмыстары тек күндізгі уақытта және тұрақты бақылаумен жүргізілуі қажет;
- өрт аяқталғаннан кейін шоқ пен күл толықтай сумен сөндірілуі керек.

Сөндірілмеген отты қараусыз қалдыруға қатаң тыйым салынады. Кішкентай ғана от көзі құрғақ шөп пен қоқыс арқылы тез таралып, үлкен өртке айналуы мүмкін.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 336-бабына сәйкес қалдықтарды жинау немесе жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау және өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Төтенше жағдайлардың алдын алу – әр азаматтың ортақ міндеті. Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау арқылы тұрғындар өз өмірі мен мүлкін ғана емес, қоршаған ортаны да қорғайды.

**Е. КАНАЛБЕКОВ,**
**Жезқазған қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының аға инженер, азаматтық қорғау лейтенанты.**

## ВНИМАНИЕ РОЗЫСК!



**Основания для установления**

**13.09.2023г.** в полицию г.Жезказган из городского центра для ресоциализации лиц, оказавшихся в трудной жизненной ситуации поступило сообщение о поступлении гражданина, который не в состоянии сообщить свои анкетные данные (ФИО, дата рождения, место жительства, сведения о родственниках).

**Находится в КГУ «Центр для ресоциализации лиц, оказавшихся в трудной ситуации» акимата г. Жезказган**

Адрес: ул. Валиханова 41, г.Жезказган, область Ұлытау

**ЕСЛИ ВЫ УЗНАЛИ ЭТОГО ЧЕЛОВЕКА, ЗНАЕТЕ РОДСТВЕННИКОВ, ДРУЗЕЙ, ЗНАКОМЫХ, СВЯЖИТЕСЬ С НАМИ ПО УКАЗАННЫМ КОНТАКТАМ**

СВЯЗАТЬСЯ СООБЩИТЬ

Надзирающий прокурор: **прокуратура г. Жезказган** (область Ұлытау)
Контакты: **8 701700 8033**

Контакты дежурной Генеральной прокуратуры РК: **8 (7172) 71 28 12**

Инициатор розыска: **Управление полиции г.Жезказган** (область Ұлытау)
Контакты: **Әбдіғалиев С.Ж., 8 776 149 66 65**

### ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛАДЫ

Венера Космосовна Алибекованың атына «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС берілген рұқсат қағазы (пропускной талон) жоғалуына байланысты **жарамсыз деп табылады.**

### ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛАДЫ

Алибек Ислямович Даулетовтің атына «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС № 1, 2, 3 Байыту фабрикасынан берілген өткізу талоны (электронный пропуск) жоғалуына байланысты **жарамсыз деп табылады.**

МЕНШІК ИЕСІ: «Мысты өңір» газеті редакциясы» ЖШС, ҚҰРЫЛТАЙШЫ: «КәсіпҚорған» салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі

Мысты өңір – Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының 1999 жылғы лауреаты

Бас редактор Ізтай БЕЙСЕНБАЕВ

• Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Ақпарат комитетінде қайта тіркелген (20.06.2019 ж.), куәлік №17759-Г (алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №859-Г, 16.09.1999 ж.).
• Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды.

• Көлемі 4 баспа табақ. Таралымы **2200**. Тапсырыс **№ 222**
• Газет редакцияның өз компьютер орталығында беттелді.
• Газет **Қарағанды, Балқаш, Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау, Жаңаарқа аудандарына** тарайды.

Ⓐ – материалдың жариялау ақысы төленген

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Жезқазған қаласы, Бейбітшілік д., 2**
**«Типография АРКО» ЖШС баспаханасында басылды.**
**Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15**

**ИИК KZ616017171000000242**
**АО «Народный Банк Казахстана»**
**БИК HSBKKZKX, БИН 000240005443. КБЕ 17**

# АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

**«Қазақмыс» Тобы өндірістік алаңдардың тазалығы мен көріктендірілуіне бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыруда. Аталған шараларға Жезқазған, Балқаш, Қарағанды өңірлері және Жамбыл облысындағы кәсіпорындардың қызметкерлері белсене қатысуда.**



Абаттандыру жұмыстарының кезекті кезеңіне 800-ден астам жұмыскер жұмылдырылды. Олар өндірістік аумақтарды санитарлық тазалау, инфрақұрылым нысандарының жағдайын жақсарту, іргелес аумақтарды ретке келтіру жұмыстарын атқарды.

Бір күн ішінде 47 тоннадан астам тұрмыстық және өндірістік қалдық жиналып, арнайы орындарға шығарылды. Сонымен қатар аумақты көгалдандыру, шөп шабу, нысандардың элементтерін сырлау және әктеу, қоғамдық орындарды ретке келтіру жұмыстары жүргізілді.

«Қазақмыс» кәсіпорындарында мұндай шаралар тұрақты негізде өткізіліп келеді. Негізгі мақсат – қызметкерлер үшін қолайлы еңбек жағдайын қалыптастыру, өндіріс мәдениетін арттыру және өндірістік нысандарды талапқа сай ұстау.

Маусым айынан бері компания кәсіпорындарының 5 450 жұмыскері абаттандыру жұмыстарына қатысып, осы уақыт ішінде 177 тоннадан астам тұрмыстық және өндірістік қалдық шығарылды.

**«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС PR департаменті.**

## Қала тынысы

# ОРАМІШІЛІК ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛУДЕ



**Жезқазған қаласында тұрғындар үшін қолайлы жағдай жасау және көлік инфрақұрылымын жақсарту мақсатында орамішілік жолдарды күрделі жөндеу жұмыстары жалғасуда.**

2026 жылы қала аумағындағы жалпы көлемі 99,8 мың шаршы метрді құрайтын 12 орамның ішкі жолдарын жаңарту жоспарланған. Жоба аясында №4, №5 ықшам аудандар мен 26-орам аумағындағы жолдарды жөндеу жұмыстары қолға алынды.

Аталған жұмыстарды орындау үшін «СЕрВИС» ЖШС мердігер ұйымымен келісімшарт жасалып, қосалқы мердігер ретінде «Алмас Құрылыс Kazakhstan» ЖШС тартылды. Құрылыс-монтаж жұмыстары 28 шілдеде басталды. Қазіргі уақытта жөндеу жұмыстары Жеңіс көшесіндегі №1, №5, №7, №13 және №23 үйлер маңында жүргізілуде. Мамандар ескі жол жабындысын алып тастау, қажетті инертті материалдарды жеткізу және дайындау жұмыстарын атқаруда. Жоба өтпелі сипатқа ие. Жолдарды жаңарту жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, толық аяқтау 2027 жылға жоспарланып отыр.

Орамішілік жолдардың жөнделуі тұрғындардың жүріп-тұруына қолайлылық жасап, қаланың абаттандыру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

## Инфрақұрылым

# ҮШ ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫ ЖАҢАРТЫЛДЫ



**Ұлытау облысында теміржол инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Жаңаарқа, Қызылжар және Қаражал станцияларындағы вокзал ғимараттарын реконструкциялау жұмыстары толық аяқталып, нысандар заманауи талаптарға сай жаңартылды.**

Жөндеу барысында вокзалдардың шатырлары ауыстырылып, ғимараттардың ішкі және сыртқы әрлеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар су, кәріз, жылу және электрмен жабдықтау жүйелері жаңғыртылып, перрондар қайта жаңартылды. Вокзал маңындағы аумақтар абаттандырылып, қауіпсіздік талаптарына сай қосымша эвакуациялық шығу жолдары жабдықталды.

1971 жылы салынған Жаңаарқа станциясының вокзалы қолданыстағы 315,1 шаршы метр аумағын сақтай отырып жаңғыртылды. Бірінші санатқа жататын бұл вокзал арқылы тәулігіне 12 жолаушылар пойызы қатынайды. Олар Астана, Алматы, Қарағанды, Жезқазған, Павлодар, Қызылорда, Маңғыстау және Бейнеу бағыттарын байланыстырады.

Қызылжар станциясының вокзалы да қайта жаңартылды. 2012 жылы салынған ғимараттың 103,8 шаршы метр аумағы сақталып, қажетті жөндеу жұмыстары жүргізілді. Үшінші санаттағы станция арқылы күн сайын 10 жолаушылар пойызы өтеді.

Ал 1958 жылы пайдалануға берілген Қаражал теміржол вокзалы толық жаңғыртылып, жалпы аумағы 395,94 шаршы метр болатын заманауи нысанға айналды. Бүгінде станция Қарағанды бағыты бойынша жолаушылар тасымалын қамтамасыз етеді.

Жаңартылған вокзалдар жолаушыларға қолайлы жағдай жасауға, қызмет көрсету сапасын арттыруға және өңірдегі көлік инфрақұрылымын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстар Ұлытау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына және тұрғындар мен қонақтарға көрсетілетін көлік қызметінің сапасын жақсартуға бағытталған.

## Замандас

# ЖЕЗҚАЗҒАН ЖАСТАРЫ

## кітап оқуға бет бұруда

**Қазіргі жастардың арасында кітап оқуға қызығушылық артып келеді. Соның бір дәлелі – Жезқазған маңындағы Кеңгір ауылының тұрғыны Асель Жақсылықтың оқырмандық бастамасы.**

Асель кітапқа деген сүйіспеншілігін 7-сыныпта бастап, оқыған шығармалары туралы пікірлерін бөлісе бастаған. Бүгінде ол Жезқазған қалалық кітапханасының тұрақты оқырманы. Ай сайын кемінде екі кітап оқып, шығармалардан алған әсерін әлеуметтік желідегі оқырмандарымен бөліседі.

Жас кітапсүйер қауым өкілі үшін басты мақсат – көп кітап оқу емес, шығарманы түсініп, оның мәнін терең сезіну. Асель, әсіресе, тарихи бағыттағы әдебиеттерге қызығушылық танытып, ел тарихын тануға және оны өзгелермен бөлісуге ұмтылады.

Кітапқа деген қызығушылығының арқасында ол өзімен пікірлес, ойы ортақ жастардан құралған шағын қауым қалыптастырған. Олар түрлі шығармаларды талқылап, әдебиет туралы ой бөліседі.

Жезқазған қалалық кітапханасында да жастардың кітап оқу мәдениетін дамытуға бағытталған жобалар жүзеге асырылуда. «Мен оқыған кітап» жобасы аясында оқырмандар шығармалар туралы пікірлерімен бөлісіп, әдебиеттің тұлғалық дамуға әсерін талқылайды.

Бүгінде кітапхана қорында 6 мыңнан астам кітап бар. «Оқитын ұлт» жобасы аясында кітапхана заманауи мультимедиялық кеңістікке айналып, мұнда коворкинг орындары мен пікірталас алаңдары ашылған.

Нәтижесінде кітапханаға келушілер саны артып, жас оқырмандар қатары көбейе түскен.

**Топтаманы әзірлеген Гүлім МАРАТҚЫЗЫ.**